

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология және мұнай – газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Мұнай және газ геологиясы
кафедрасының меңгерушісі
геол.ғылым докторы, проф.

Енсепаев Т.А

“ 18 ” 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданын ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Құйылыс жер асты су кен орнын барлау”

Мамандығы 5В060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

Орындаған

Мұхамедалиев С.Е.

Ғылыми жетекші

PhD докторы, лектор

Көлдеева Э.М.

“ 15 ” 05 2019ж

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қаратай Тұрысов атындағы геология және мұнай – газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

5B060700 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу

БЕКІТЕМІН

Мұнай және газ геологиясы
кафедрасының меңгерушісі
геол.ғылым. докторы, проф.

Еңсепбаев Т.А

“ 05 ” 05 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Мұхамедәлиев Самат Ерланұлы*

Тақырыбы: Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданын ауыз сүмен қамтамасыз ету мақсатында Құйылыс жер асты су кен орнын барлау

Университет Ректорының 2019 жылғы «14» наурыз №1839 – б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «15» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: *Диплом алды практикада жиналған сызба және жазба материалдары.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Жалпы бөлім*
- б) Арнайы бөлім*
- в) Негізгі бөлім*
- г) Экономикалық бөлім*

Сызба материалдар тізімі:






- 1. Ауданның шолу картасы;*
 - 2. 1:200000 масштабтағы ауданның гидрогеологиялық картасы және оның қимасы;*
 - 3. 1:100000 масштабтағы аймақтың гидрогеологиялық картасы және оның қимасы;*
 - 4. Бұрғылаудың геологиялық – техникалық құжаттамасы;*
- Ұсынылатын негізгі әдебиет

1 Чакабаев С.Е., Гидрогеология СССР. Южный Казахстан. М., Недра, 1972. 15-18 б.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Жалпы бөлім	12.03.19 ж. – 26.03.19 ж.	
Арнайы бөлім	27.03.19 ж. – 12.04.19 ж.	
Негізгі бөлім	13.04.19 ж. – 24.04.19 ж.	
Экономикалық бөлім	24.04.19 ж. – 04.05.19 ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер	Қол қойылған күні	Қолы
Жалпы бөлім	Э.М.Көлдеева, PhD докторы, лектор	13.03.19	
Арнайы бөлім	Э.М.Көлдеева, PhD докторы, лектор	28.03.19	
Негізгі бөлім	Э.М.Көлдеева, PhD докторы, лектор	15.04.19	
Экономика бөлімі	Э.М.Көлдеева, PhD докторы, лектор	28.04.19	
Норма бақылау	Э.М.Көлдеева, PhD докторы, лектор	10.05.19	

Ғылыми жетеші



Э.М.Көлдеева

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



С.Е.Мұхамедәлиев

Күні

«13» наурыз 2019 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада ауданның геолого-экономикалық сипаттамасы каралды, бұрынғы жүргізілген геологиялық зерттеулерге талдау және бағалау жасалды.

Бұрын жүргізілген жұмыстардың нәтижелеріне сүйене отырып біздің жобалық есептеулердің негізгі ретінде жобаланып отырған кенорынында іздеу-бағалау жұмыстарының әдістемелері ұсынылды және олардың сметалық бағасы анықталды.

Жер қойнауы мен қоршаған ортаны, еңбек қорғау мен техникалық қауіпсіздік шаралары белгіленді, олар «Нұсқауларға» және Мемлекет заңдарына сәйкес жасалды.

Бұл жұмыстар Құйылыс жерасты су кенорынының геологиялық құрылысын нақтылап болашақ нәтижесінде тереңдікке бұрғылау және тау – кен қазбаларын жүргізу, сынамалау және сынаманы өңдеу жұмыстарын жүргізу әдістері негізделінді.

АННОТАЦИЯ

Основная часть дипломного проекта – описать подземные воды месторождения Куюлус и особенности их распространения.

Опираясь на результаты работ по месторождению основная часть нашего проекта является поисково – разведочные работы по месторождению.

В дипломном проекте рассмотрены подземные воды месторождение Куюлус и изучены особенности их геологического строения.

В данном проекте также рассмотрены геологические строения месторождения Куюлус, в будущем бурение их по глубине, горно-геологические работы и опробование проб по месторождению.

Месторождение расположено в Мангистауской области.

ABSTRACT

The main part of the diploma project – to describe the groundwater field Kuyulus and features of their distribution.

Based on the results of work on the field, the main part of our project is exploration work on the field.

Thesis project examined groundwater field Kuulus and peculiarities of their geological structure.

This project also considered the geological structure of the Kuyulus field, in the future drilling them in depth, mining and geological work and testing of samples of the field.

The Deposit is located in Mangistau region.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Жалпы бөлім	8
	1.1 Жұмыс ауданының физикалық-географиялық және экономикалық сипаттамалары	8
	1.2. Ауданның геологиялық құрылымы	
	1.3 Тектоникалық құрылымы	
	1.4 Гидрогеологиялық сипаттамасы	
	1.5 Ауданның кен қазбалары	
2	Арнайы бөлім	18
	2.1 Тәжірибелік жұмыстар	18
	2.2 Сулы горизонттарды саздан арылту	18
	2.3 Сынамалық сутарту	18
	2.4 Тәжірибелік-шоғырлы сутарту	19
	2.5 Атқарылған жұмыстардың әдістемесі мен көлемі	20
	2.6 Жер асты суы қорының бағасы	21
	2.7 Еңбекті қорғау	23
3	Жобаланған жұмыстардың экономикалық сипаттары	27
	3.1 Техникалық-экономикалық бөлім	27
	3.2 Монтаж, демонтаж, құрылғыларды тасу	28
	Қорытынды	30
	Пайдалынған әдебиеттер тізімі	31
	Қосымшалар	32

КІРІСПЕ

Құйылыс жерасты суларының кенорны географиялық жағдайда Маңғыстау-Үстірт алабында және таулы Маңғыстау жиегінің оңтүстігінде, әкімшілік жағдайда Маңғыстау облысының Түпқараған ауданының және облыс орталығы Ақтау қаласы кенорнынан 50 км астам арақашықтықта орналасқан (А қосымшасы сур.1). Жердің аумағы 13,3 мың км². Жергілікті жақын ірі елді мекендері: Шепте, Ақшұқыр, Таушық, Тұщықұдық, Жынғылды т.б.

Түбекті жартылай қоршап жатқан Каспий теңізінің жақындығы ауа райына онша әсер ете қоймайды. Температураның жылдық абсолюттік минимумы 26-30°С шамасында, максимум 35°С. Ауа температурасының жылдық амплитудасы 70-75°С. Жылдық температура жиынтығы 4300-4600°С құрайды. Буланатын ылғалдың жылдық мөлшері 1500 мм-ге дейін жетеді.

Негізі барлау жұмыстары 1958-1960 жылдары барланған. 1962-1967 жылдары аралығында Союзшахтоосушение мекемесі Маңғыстау түбегінің оңтүстік-батыс бөлігінің К.Ф.Орфаниди басшылығымен Кольцовский экспедициясымен үлкен геолого-гидрогеологиялық кешен жерасты суларын барлау жұмыстары нәтижесінде шаруашылық-ауызсумен қамтамасыз ету үшін барлаған. Судың минералдылығы 5г/дм³ линзалы кермектік су. Жоба шешімдерінің жүзеге асуын бақылайтын – жобалау қоғамы “Союзводоканалпроект”.

Қазіргі уақытта пайдалну ұңғымалар саны 57. Соның ішінде 34 ұңғыма I-альб горизонтына, 9 ұңғыма II-альб горизонтына және 14 ұңғыма сеноман горизонтына бұрғыланған. Барлық сутартқыш ұңғымалар бір типті: кондуктор диаметрі 630мм, сүзілу бағанының диаметрі 273мм 220-330м интервалында қондырылған, теникалық баған диаметрі 426мм 0м интервалынан басталып 250-730м интервалынан сулы қабаттың жабынының тереңдігіне байланысты.

Дипломдық жоба ЖШС «Маңғыстау Атом Энергетикалық комбинаты» өткен дипломалды практиканың кезінде жинақталған геологиялық және гидрогеологиялық материалдар негізінде жасалған.

1 Жалпы бөлім

1.1 Жұмыс ауданының жалпы физика-географиялық жағдайы.

Географиялық жағдайда Құйылыс кенорны Маңғыстау-Үстірт алабында және таулы Маңғыстау жиегінің оңтүстігінде орналасқан. Әкімшілік жағдайда Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысының Түпқараған ауданының және облыс орталығы Ақтау қаласы кенорнынан 50 км астам арақашықтықта орналасқан (А қосымшасы сур. 1). Орталығы- Форт –Шевченко қ.. Жердің аумағы 13,3 мың км².

Маңғыстау үстіртінің теңіз жағалауы бойын және Бозащы түбегінің батыс бөлігін алып жатыр. Ауданның солтүстік бөлігі Бозащы түбегі өңірі теңіз деңгейінен -26,5м төмен орналасса, Түпқараған түбегінің шығысында абсолюттік биіктігі 289м-ге Батыс Қаратаулары жатыр. Жалпы ауданның орталық бөлігі көтеріңкі келген.

Түбекті жартылай қоршап жатқан Каспий теңізінің деңгейі дүние жүзілік мұхит деңгейінен көп төмен жатыр. 1837 жылдан бастап үнемі бақылауда тұрған теңіз суының 1882 жылдың бас кезіндегі көрсеткіші 25,2 м болған. Теңіз суы 1900-29 жылдары қайтып деңгейі 26,0м болды. Бұл табиғи құбылыс жыл өткен сайын тартылып отырған. 1900-1977 жылдар ішінде Каспий аумағы орта есеппен 42 км-ге азайған. Ал осыдан кейінгі жылдарда су деңгейі 2,35 м-ге тосын көтеріліп, 1997 жылы ол 26,95 м болды.

Жер бедерін өзгертуде Маңғыстау желдерінің әсері мол. Ол ұсақ тау жыныстарын (кұм, шаң-тозаң) тасымалдап, неше түрлі құм массивтерін қалыптастырады. Тау-тасты тесіп үрлеп, сыртқы пішінін үнемі өзгертіп отырады. Маңғыстаудың жер беті түзілімінің 10,2пайыз-ын құрайтын сор жерлер түбектің батыс бөлігінде кездеседі. Олар тау жыныстарының әр түрлі тұздармен қанығуынан немесе теңіздің тартылуы мен жаңбыр, қар суының ойыстарда жиналып қалып қойған жер бедерінде пайда болады.

Сор жерлердің кеуіп, тақтайдай болып қатқан қайырлы түзілімдері көлікке жол саналады. Бұл өңір өзінің жер бедері жағынан тектоникалық-эрозиялық және аридті-денудациялық (су, жел мен мұздан беті тегістелген) аласа таулар тіркесіне жатады. Бұл ауданның жер бедері сан алуан биік шоқылар, кемерлер, таулар, жоталар, адырлар мен аңғарлар, бөктерлер, жекелеген төрткілдер, эрозиялық өңірлер және су ағатын сайлардан тұрады. Таулы Маңғыстаудың ұзындығы 117 км, ені 10-15 км. Ол Батыс және Шығыс Қаратау жоталарынан тұрады. Оған жарыса Оңтүстік және Солтүстік Ақтау сілемдері жатыр. Маңғыстау тауларының ең биік жері 556 м (Бесшоқы шыңы). Қаратау сілемдері тек Шығыс Қаратаумен бітпейді, ол одан әрі жалғасып Бесшоқы тауы, Қарашық, Қарамая, Кендірлі сілемдерімен ұштасып жалпы ұзындығы 300 км-ге дейін созылады. Сол сияқты Солтүстік және Оңтүстік Ақтау сілемдері батыс басын Таушық, Даныспан маңынан бастап шығысында Үстірт шыңына, Солтүстік бөлігі Күйекжол арқылы Тұзбайыр тауына жетсе,

екінші бөлігі Алаешкі, Жабайұшқан таулары арқылы Бекет ата шыңы тұсында Үкінің ойына жетеді. Солтүстік Ақтаудың орташа биіктігі 300-327 м. Тау жоталары солтүстікке қарай көлбеуленіп ірілі-уақты салаларға тарамдалып Бозащы жазығына жалғасып кетеді.

Маңғыстаудың ауа райы континенттік. Жазы ыстық, қысы суық, жыл маусымдары бір-біріне шұғыл ауысады, жауын-шашын өте аз, ауа ылғалдылығы болымсыз, күн радиациясы жоғары және желі тұрақты болады. Түбекті жартылай қоршап жатқан Каспий теңізінің жақындығы ауа райына онша әсер ете қоймайды. Температураның жылдық абсолюттік минимумы 26-30°C шамасында, максимум 35°C. Ауа температурасының жылдық амплитудасы 70-75°C. Жылдық температура жиынтығы 4300-4600°C құрайды. Буланатын ылғалдың жылдық мөлшері 1500 мм-ге дейін жетеді.

Су қорлары. Маңғыстаудың қай түпкіріне барсаң да малдың тұяғы, малшының табаны тимеген жер кемде-кем. Сол шаруагердің бар болмыс бітімінің бұлтартпас куәсіндей сәлекей ғана күнгеі мен болмашы ықтасының сағалаған ескінің көзі, не заманғы қара жұрттар алдыңнан шығады. Олардың барлығы бірдей тұрақты орын емес, шаруаның маусымдық қонысты пайдаланған уақытша аялдамасы.

Жайылымды суландырумен қатар жер асты суларының жалпы қорын анықтау, оның ішінде тұщы сулардың мүмкіндіктерін білу, оларды пайдаланудың ғылыми жүйелерін жасау жұмыстары өмірге келді. Өйткені жер асты суларының халық шаруашылығының әр түрлі мұқтажын өтеу үшін мүмкіндіктерін білудің қажеттілігі күн өткен сайын арта түседі. Міне, осы қажеттіліктен туындаған талап деңгейінде жасалынған талай жылғы гидрогеологиялық мекемелердің зерттеулеріне қарағанда Маңғыстаудың ойы мен қырында тәулігіне 265 мың м су беретін жер асты қоймалары бар. Оның тұздылық құрамы бір литріне 1 г келетін тұщы су қоры тәулігіне 101,0 мың м, литріне 1-3 г-нан келетін 70,0 мың м, ал литріне 3 г-нан не одан да жоғары келетін егін шаруашылығына жарамды 94,0 мың м су қоры бар.

Ұланақ аңғары. Ұланақ аңғарларының бірінші қабатының қуаты 5-тен 15м-ге дейін, кейде 30м-ге дейін жетеді. Суы тұщы, тұзд. 1 литріне 1г, тәулігіне 9,5 мың м³ су береді. Шығыс Жыңғылды, Батыс Ұланақ елді мекендерін қамтиды. Оның екінші, үшінші, төртінші қабаттарының суы 150-240м тереңдікте жатыр. Тұздылығы 3 г/л-ге дейін жетеді. Кейде одан да асып түседі. Ұланақ 1957-60ж. зерттеліп, 27 жылдық қоры КСРО ҚМКмен (1960 жылғы 30 маусымдағы нөмір108 хаттама) бекітілген. 1966 жылдан бастап тәулігіне 0,3 мың м³ ауыз су, 1979 жылдан бастап тәулігіне 1.0 мың м және суы егінге пайдаланыла бастады. Қоры тәулігіне 17.5 мың т/м³ болатын екінші қабаттың суы екіншілікке бағытталған.

Оңтүстік Ақтау артезиан алабындағы Құйылыс су көзінің пайдалану қоры тәулігіне 70 мың м³. Бұл қорды өндірістік мекемелер мен Ақтау қаласының тұрғындары тұтынып келді. Құйылыс негізінен үшінші, төртінші қабаттағы Ұланақ жер асты су қорының құрамдас бөлігі болып есептеледі.

Елу жылдан астам уақыт ішінде есепсіз пайдалану салдарынан аталған аумақтағы жер асты су қорының деңгейі шамадан тыс төмендеп кеткен. Көптеген тау бөктерлеріндегі бұлақтардың көзі тартылып, құдық сулары азая бастаған.

Солтүстік Ақтау артезиан алабы. Алап Батыс және Шығыс Қаратау жондарының солтүстік жағына орналасқан, жалпы аумағы 500км², ұзындығы 100, ені 40-50км шамасында.

Сулы аумақ сусыйыстарушы 6 қабаттан тұрады. Олардың тереңд. 700-1100 м аралығында. Бұл аумақ тәулігіне 64.8 мың м³ су бере алады. Тұздылығы 1л-ге 3г, 25-30 с температурадағы қысымда, кейде ұңғымадан жер бетіне атқылайтын мол сулы тұстары да кездеседі. Кезінде Аталған су көздері егін шаруашылығына пайдаланылған.

Құмсауысқан сулы аумағы. Сауысқанда сулы қабаттың ені 4-5, ұз. 29 км-ге созылған. Ауыз судың тұздылығы 0.3-0.6г-нан аспайды. Жер асты суы жауын-шашынның есебінен көбейеді. Құмсауысқан кен орны 1964 жылдан бастап Жаңаөзен қаласынан, Өзен және Теңге елді мекендерін ауыз сумен қамтып, 43 жыл бойы үзбей пайдаланып келеді. Қазір кен орнының мүмкіндігі 4 есеге дейін кеміген.

Ауданның жері биоклиматтық жағдайына қарай шөлді ландшафты аймаққа жатады. Қоңыр топырақты аймақ облыстың солтүстік жағын Түпқараған түбегі, Бозашы, Таулы Маңғыстау, Үстірттің Қарнау бөлігін алып жатыр. Тұздану, сортаңдану дәрежесіне және қарашірік қабатының қалыңдығына қарай топырақтың сұр қоңыр, сортаң, сор, қоңыр топырақтың су шайып бүлінген және нашар дамыған түрлері көп кездеседі. Бұл топыраққа түбегейлі мелиорация жүргізілмейінше егіншілікке жарамайды. Ауданның тақырлардың бәрі хлор-натриймен тұзданған. Бұл топыраққа шөп өспейді, жаңбыр, қар суы жиналады. Сордың топырағы негізінен пайдасыз топырақтар. Жер асты суы жақын жатқан, үсті ылғи батпақтанып, майлы тұзға айналуынан пайда болады. Ондай жердің қабатында хлорид пен сульфат көп жиналады да, ыза суы өте ащы болады. Жергілікті жақын ірі елді мекендері: Шепте, Ақшұқыр, Таушық, Тұщықұдық, Жынғылды, жер аумағының 79,0 пайыз жайылым.

1.2. Ауданның геологиялық құрылымы

Қарастырылып отырған территория жас эпипалеозойлық платформаның – Тұран тақтасында орналасқан. Жер қыртысының құрылымы негізінен пермь, триас, юра, бор дәуірі шөгінділерінің нәтижесінде пайда болған әр түрлі жыныстардан тұрады. Морфологиялық тұрғыда жер бедері кенет өзгерістерімен (солтүстікте- жазықтар, орталығы-таулы-аралды, ал оңтүстігі мен шығысында көтеріңкі- үстірт), геологиялық құрлысының күрделілігімен сипатталады. Қарастырылып отырған аумақ ең қуаң және жер үсті сулары тапшы аудандардың бірі. Алаптың орталық және ең көтеріңкі бөлігіне шағын әр түрлі

шығыс және батысында Қаратау, оңтүстік және солтүстігінде Ақтау таулы массивтер орналасқан. Қаратау-Ақтау тауларының аралығында Карпат маңы аталатын тік беткейлі қуаңқы денудациялы жылғалар орналасқан. Геологиялық құрылысында бетін төрттік теңіз, эолдық немесе делювиальды-пролювиальды шөгінділермен жабылған пермь-триастың метаморфизацияланған жыныстары, төменгі-жоғарғы бордың терригенді шөгінділері, палеоген мен неогеннің сазбалшықты-карбонатты жыныстары орын алады.

Жалпы аумағын төрттік түзілімдермен жаппай көмкеріліп жатқан Маңғыстау қатпарлы жүйесіне тиесілі көнелеу жарылымдар Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Маңғыстау шығанағынан басталып, оңтүстік-шығыс бағытта азимуты шамамен 135⁰ шамамен 320 км-ге созыла сағаланатын мезозойлық түзілімдердің ашылымдары түрінде көрініс береді.

1.3 Тектоникалық құрылымы

Құрылымның қатпарлы іргетасы ролін атқаратын жоғарғы пермь-триас түзілімдері тым-тәуір қатпарланған. Юра-неоген шөгінділерінен тұратын платформалық тыс қабаттары аралығынан ашылған шағын-шағын блоктар түрінде көрініс беретін бұл жаралымдар негізінен брахиформалы қатпарлар түзеді, қатпар қанаттарының еңістену бұрышы ондаған градусқа жетеді. Аталған жаралымдарды құрылымдық үйлесімсіздікпен көмкеретін платформалық тыс қабаттары (I-N) қатпарланбаған, олар көлбеу бағытта көсіле төселеді.

Бір ескеретін жайт, құрылым ауқымындағы мезозой эратемасына тиесілі триас жаралымдарының қатпарлы іргетас қабатына жатуы, бұл дерек Маңғыстау құрылымының герциндік жүйеге шартты түрде ғана жатқызылатындығын көрсетеді. Мезозой жаралымдарының қатпарлана бастауына қарағанда, бұл құрылымды мезозойлық (алғашқы киммерийлік) қатпарлық нәтижесінде тұрақтанған жүйе ретінде қарастыру дұрысырақ. Жалпы бір ескеретін мәселе бар, ол-Маңғыстау құрылымының Қазақстанның өзге құрылымдары сияқты Орал-Монғол қатпарлы белдеуіне жатпайтындығы: өзінің созылу бағыты мен стратиграфиялық-тектоникалық ерекшеліктері тұрғысынан алғанда бұл құрылым каледондық-герциндік Орал-Монғол қатпарлы белдеуінен гөрі мезозой-кайнозойлық Ортатеңіз қатпарлы белдеуіне жақынырақ.

Сутартқыш алаңы құрылымы бойынша юраға дейінгі түзілімдермен ерекшеленетін Жетібай-Жанаөзен тектоникалық сатысының Шақырған ойсымы, Беке-Башқұдық мегантиклинальды сызығында орналасқан. Беке-Башқұдық мегантиклиналында Құйылыс белдемінде Құйылыс брахиантиклинальдік жарылым өзінің екі жарты дөңес күрделілігімен көмкерілген. Ол солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығысқа дейін созылған, сутартқыш алаңынан шығыстан орталық бөлігінде орналасқан. Ығысу

амплитудасының жарылым табаны туроннан оңтүстік шығысқа дейін 50м, ал орталық бөлігі солтүстік шығысқа дейінгі амплитудасы бірден төмендеуі 10-13м құрайды. Құрылымдық элементтерінің ішінде көтерілімдерінің арасында ерекшеленіп 300км, ал ені 15-20км созылып жатыр. Іргетасы бойынша тектоникалық аудандастырудың негізгі белгілері ірі оң және теріс құрылымдарды құрайтын мегаблоктар жүйесі болып келеді. Бұларда біріншіден мына тектоникалық элементтер ерекшеленеді: оңтүстік – оңтүстік-шығыс борттық зонасы, Беке-Башқұдық мегантиклиналдар жүйесі, Қаратау мегантиклиналдар жүйесі, Маңғышлақ-Үстірт көтерілімдер жүйесі және Шақырған ойпаңы. Бұл тектоникалық элементтер ірі аймақтық жарылымдармен шектелген. Батысқа қарай 50км жерде ұзындығы 35-40км, ал ені 20км шамасында Түпқараған мегантиклиналі жатыр. Төменгі триастың мықты қималары Жетібай-Өзен сатысының солтүстігінде байқалады. Ортаңғы триастың максимал қалыңдықтары Үлкен Маңғышлақ флексура белдемдерінде, ал жоғарғы триастың – Жазғұрлы мен Сығынды депрессияларында. Батыс депрессиясы- Сығынды Қарақия еркатпарында, ал шығысында Жазғұрлы. Жазғұрлы депрессиясы жағына қарай еңкейген және үлкен Жетібай көпмесімен күрделендірген, ал оның созылуы Жетібай-Өзен сатысының созылуымен сәйкес келеді. Көпмесінің өлшемдері 25x5км. Тұрақталатын изогипсте минус 4100м. Амплитудасы – 150-200м.

Анық бұрыштық және стратиграфиялық үйлесімсіздікпен ауыспалы құрылымдық этаж жыныстарында платформалық тыс жатыр, ол юра-төрттік жасты терригенді және карбонатты жыныстардан құралған.

1.4 Гидрогеологиялық сипаттамасы

Гидрогеологиялық тұрғыдан көңіл аударатын болсақ Құйылыс кенорынның батыс бөлігінде Оңтүстік Ақтау артезиан алабы. Оңтүстік Ақтау артезиан алабының солтүстігінде Қаратау мегантиклиналі, оңтүстік белдемінің көтеріңкі жатқан Қарабөзкөл-Туарқыр, ал шығысында оңтүстік үстірт артезиан алап суағарымен шектесіп, батысын-Каспий теңізі деңгейіне дейін созылып жатыр. Пайдалануға жарамды жерасты сулары мезозой-кайназойдың жоғарғы бөлігінде тараған. Олар сеноман-альбі және неоком шөгінділерінен және неоген-төрттік құмдарынан тұрады. Литологиясына байланысты барлық жыныстар біртекті және құмтас-сазды қабаттардан түзілген, бұл жерде сазды қабаттар өсуде. Кенорын орналасқан орны облыс орталығы Ақтау қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км. Минералдануы 5 г/дм³ линзалы кермектік су болып келген. Стратиграфиялық жағынан линза бірнеше салыстырмалы оқшауланған сулы горизонттардың сазды қабатшаларына бөлінген альб-сеноман түзілімдер терригенді шөгінділеріне ұштасқан. Оның құрылысында екі гидрогеологиялық этаж ерекшелінеді, олар бір-бірінен жер асты суларының

калыптасу жағдайлары мен динамикасымен өзгешеленеді. Жоғарғы этажында негізінен грунтты арынсыз жерасты сулары тараған, олар төрттік түзілімдерінде орналасқан. Төменгі гидрогеологиялық этаж арынды сулы кешендер және бор мен юра түзілімдеріндегі горизонттарды біріктіреді.

Жоғарғы гидрогеологиялық этажының жер асты суларының қоректенуі негізінен жылдың күз-қыс кезіндегі жауын-шашынның инфильтрациясы есебінен болады. Көктем-жаз кезінде ол азаяды, грунтты сулар айнасынан борпылдақ грунт арасынан интенсивті булану процесі жоғарлайды. Бұған ауа температурасының жоғарлауы және грунт суларының жату деңгейі терең емес орналасуы әсер етеді, ал бұл жағдай жер асты суларының минерализациясының өсуіне әкеледі.

Төменгі гидрогеологиялық этажының дамуына арынды жер асты суларының таралуымен сипатталады.

Юра түзілімдерінің сулы кешені (J)

Юра түзілімінің сулы кешені кеңінен таралған, бірақ Қаратау мегантиклиналінің дөңес бөлігінде жоқтың қасы. Сулы қабаттың қалыңдығы 20-60м. Кешеннің сулы шөгінділері ұсақ түйірлі құмдар, қысқа коллекторлық құрамы құмтастардан тұрады. Ұңғымалардың шығымдары $1-5\text{дм}^3/\text{с}$ аралығында өзгеріп отырады. Сүтірек қабаттары төменгі юра сазды қабаттардан, ал жабыны жоғарғы юра сазбалшықты-карбонатты жыныстардан құралған. Жерасты сулардың минералдылығы $0,7-7\text{г}/\text{дм}^3$, белдемнің төменгі беті $140-160\text{г}/\text{дм}^3$. Құйылыс жерасты сутарқыш ауданының сулы кешені зерттелмеген.

Неоком түзілімдерінің сулы кешені

Қимада көрсетілгендей бірнеше сулы қабаттарда сазды шөгінділермен бөлінген. Сүтірек қабаттары жоғарғы юра сазды қатқабаттардан, ал жабыны төменгі альб сазбалшықты шөгінділермен таралған. Қаратау аңғары ұңғымаларының шығымдары $0,5-1,1\text{дм}^3/\text{с}$. Суының минералдылығы $0,7-5,0\text{г}/\text{дм}^3$ төмендеуінде $25-58\text{г}/\text{дм}^3$ дейін өзгеріп отырады.

Жерасты сутарқыш ауданында неоком сулы қабаттың құрылымы, құрамы, қасиеттері жөнінде мағлұмат жоқ.

Альб-сеноман сулы кешені

Сулы кешеннің бір бөлігін құмды массивті Қаратау кішігірім таулар және Беке-Башқұдық мегантиклиналі алып жатыр. Жалпы аудан шамамен 2000км^2 созылып жатыр. Массивтегі суы бар жыныстар негізінен ұсақ және жұқа түйіршікті құмдардан, құмтастардан тұрады. Кешеннің су тірек қатқабаттары апт-төменгі альб түзілімдері, ал жабыны жоғарғы бор жүйесінің карбонаттық жыныстармен және сазды полеоген түзілімдерімен жаппай таралған. Су тартқыш ауданынан кешеннің жабынына дейінгі тереңдік $303-640\text{м}$ терригендік шөгінділермен көмкерілген.

Альб-сеноман сулы кешеннің бірігу критерилері гидродинамикалық және гидрогеохимиялық келбеттерінің ұқсас болуына байланысты. Жерасты судың құрамы сульфатты-хлоридты натрийлі минералдылығы $5-8\text{г}/\text{дм}^3$. Жалпы бұл сулы кешендер халық шаруашылығында пайдалануға жарамды сумен

камтамасыз ету көзі болып табылады. Бұл сулы қабаттар кешені техникалық және ауыз су пайдалану нәтижесінде барланған. Осы сулы кешен құрамы құмдар мен құмтастардан құралып, қалыңдығы 5-50м аралығында төрт альбтік және сеноман қабаттары барланған. Бірақ Құйылыс жерасты сутарқысының негізгі басты практикалық жағынан сеноман, бірінші (I) альбтік және екінші (II) альбтік сулы қабаттар болып саналады.

Екінші альбтік сулы кешен

Бұл сулы кешеннің суы бар тау жыныстар қабаты құмдардан және құмтастардан қалыптасқан. Құйылыс кенорын аумағында суы бар жыныстар қалыңдығы 40-85м. Қимада көрсетілгендей нөмір19Д1ұңғыманың табанының жатыс тереңдігі 584м, ал 21Д1 ұңғыманың тереңдігі 910-1002м аралығында, шығыс және солтүстік қанатының абсолюттік белгісі -590м, -990м аралықта созылып жатыр. Кешеннің сулары аумақтың ірі бөлігі арынды болып келген. Жерасты суларының табиғи пьезометриялық деңгейлері Құйылыс сутарқышының пайдалануға дейін жер бетінен 110-125м жоғары болған. Гидрогеологиялық параметрлері: сүзілу коэффициенттері оңтүстік бөлігі 5,6-25,0м²/тәу, орталық бөлігінде орташа есеппен 15,0м²/тәу; пьезоөткізгіштігі 10⁶м²/тәу; ұңғымалардың шығымдары орташа есеппен алғанда 0,88-0,96дм³/с аралығында өзгеріп тұрады. Сулардың құрамы сульфатты-хлоридті натрийлі және гидрокарбонатты-сульфатты-хлоридті натрийлі. Судың минералдылығы 2,1-12,4г/дм³ аралығында өзгеріп тұрады, 3г/дм³ дейінгі сулардың арасында жеке линзаларға шоғырланған. Жерасты суларының температурасы 40°С. Жалпылама Курлов формуласы бойынша:

$$M_5 \frac{Cl_{52} SO_{38}^4 HCO_{10}^3}{(Na + K)_{95} Ca_5}$$

1.5 Ауданның кен қазбалары

Маңғыстау өңірі пайдалы қазбаларға мейлінше бай өлке. Оның басты байлығы мұнай мен газ кенорындары екендігі белгілі. Өзен, Жетібай, Қаражамбас, Қаламқас, Бозащы т.с.с. ірі-ірі кенорындар Маңғыстау аймағында орналасқан және де бұл кендердің басым-көпшілігі біз жоғарыда сипаттаған түп таужыныстардың ашылымдары ауқымында емес, олардың төрттік түзілімдермен көмкеріліп жатқан өзге аймақтарында орналасқан. Сипатталған ашылымдар аймағының өзіне тән пайдалы қазбалары-юра түзілімдерімен байланысты қалыптасқан қоңыр көмірдің ірілі-ұсақты кенорындары (Ниязбұлақ, Аусар, Өгіз, Қарасаз, Жанәулие, Түйесу, Көкөсім т.б.) және бор жүйесінің қимасына шоғырланған фосфорит кенорындары (Таушық, Жалбарт, Шарақала, Айрақты т.с.с.). Сол сияқты, құрылым аумағында Меловое, Томақ, Тасмұрын, Тойағар т.б. уран

кенорындары белгілі. «Жолбарыс қарашығы» деп аталатын, құлпырма тастар санатына жататын өте әдемі гетит минералының Бескемпір кенорны Жетібай мен Шетпе елді мекендерінің аралығында орналасқан. Бұл кенорында аракідік күлгінтас (аметист) пен тау хрусталі де ұшырасады. Құрылым ауқымында скарндық генезиске жататын Теміртаушық және Бескемпір темір кенорындары, Маңғыстау марганец кенорны (кенді минералдары гаусманит пен браунит) белгілі. Ауыртас деп аталатын барит кенорны мен Ханғабаба стронций кенорны Форт-Шевченко қаласының оңтүстігінде орналасқан. Қарағия бентонит газдарының кені аттас ойыс өңірінде. Маңғыстаудың әйгілі бақалтастары (ракушняки) тамаша қаптама тас екендігі баршамызға мәлім. Дүниежүз. орасан зор маңызы бар мұнай мен газ қоры, сан түрлі рудалар мен минералдық тыңайтқыштар, көмір, темір, марганец сондай-ақ құрылыстық бор, қара тас, ұлу тас, асфальттық кир, құмды қиыршық тас, т.б. осы қазыналы түбектің қойнауынан табылды.

Бұған қоса қасиетті түбектің жанына шипа берер емдік суы мен табиғи тұзды балшығы, шұбаты мен қымызы әлі де болса тереңірек игерілуін күтіп жатқан әлеуметтік маңызы зортаптырмайтын мүмкіндіктер көзі болып саналады.

Маңғыстау дүниенің төрт бұрышына өз қойнауынан шығып жатқан «қара алтынымен» атағы шыққан өлке. Ғалымдардың ұзақ жылғы ізденісі, барлаушылар мен мұнайшылардың аязды күндер мен аңызға ұрған аптаппен арпалыса жүрген тынымсыз еңбегі арқасында сонау 1961 жылы Жетібай жерінен алғашқы мұнай бұрқағы атқылаған еді. Содан бері бұл өлке еліміздің негізгі экономикалық аймағы болып келеді. Маңғыстаудың ойы мен Үстірт үсті тек мұнай мен газға ғана емес, басқа да байлықтарға толы. Олардың игерілгені, әлі де өз кезегін күтіп жатқандары қаншама.

Жерасты суын өндірістік-зертханалық жолмен бақылау

Өндірістік-зертханалық бақылау жүргізу қызметін СХЭиРК МАЭК мекемесі, ал химиялық зертханасының қызметін ЗПДиПТВС бөлімшесі және гидрогеологиялық топ сұтартқыш құбырларының таралу торынан жерасты суларының сапасы үшін күнделікті бақылау қызметін жүргізеді. Таралу тордан сынама алу нүктелері:

- Сұтартқыш алаңының ұңғымаларынан, екінші насос жинақтауыш станцияларынан;

- Түсірім алдындағы таралу тордың сумен қамтамасыз етудегі орталық бөлімше қоймалары;

Сынама алудың әдістемесі СТСЭВ 4285-84 жерасты суларының стандартына сай болуы қажет.

Кен орнын жаңалаудың технологиялық сұлбасы

Құйылыс-Борлы сұтартқышы гидравликалық жүйесін, сулы горизонттары, ұңғымалары, насосы ұңғымалары, бірлескен және магистральды сулысумен көрсетілген. Жүйеде жинақталған аналогты

пайдалану ұңғымалары 3 тармаққа бөлінген: оңтүстік-бірлескен сутартқыш ұңғымалары нөмір15-14; солтүстік бірлескен сутартқыш ұңғымалары нөмір15-29; сеноман ұңғымалары нөмір30-35;

Жыл мезгіліне байланысты суды қабылдау жұмыстарының гидравликалық жүйесіне тәуелді.

Жаздық режимі өндірістік гидравликалық жүйесі максималды белгісі 2500 м³/сағ есептелген. Сонымен қатар сутартқыштың барлық пайдалану ұңғымалары орналасқан.

Қыстық режимі гидравликалық жүйесі өткізгіш қасиетін 2100 м³/тәу дейін сутартқыш ұңғымалары нөмір1-3 және нөмір27-29 қорымен есептелген.

Жерасты су деңгейінің режимін зерттеу

Альб-сеноман кешенінің жерасты суларының ұңғымалардан су жинағының деңгейінің өзгеруінің негізгі факторы.

Құйылыс су тартқышының ұңғымаларынан судың жиынтық мөлшері 85пайыз құрайды. Қозғалыс деңгейінің өзгеруін анықтаудың тағы бір факторы; сызықтық орналасқан сутартқыш нүктелерін бақылау және гидравликалық әдіспен қабаттың шекарасын анықтау. Барлық кезең бойынша әр сулы қабаттар үшін су жинағының пайдалану интервалы көрсетілген. (3.2-кесте) Бақылау ұңғымалары негізінен 1 альб горизонтында жабдықталған, негінен сутартқыштың әр бөлігінде топталып орналасқан. Жерасты су кенорнытерриториясында әр топтағы ұңғымалар гидродинамикалық ауданға сай келеді.

Әр кезең бойынша топтап орналасқан ұңғымалардың орташа қозғалыс деңгейінде өзгереді. Әр кезеңнің пайдалану деңгейі өзгеру графикалық сұлбамен көрсетілген. (нөмір1,12)

Басқа сулы қабаттардың бақылау ұңғымалары аз болғандықтан гидродинамикалық ауданы көрсетілмейді. Сеноман қабаты бойынша 4 бақылау ұңғымалары (9Н, 10Н, 11Н, 13Г) көрсетілген. 1986 жылдан бастап бақылау.

Гидрохимиялық пайдалану режиміне талдау.

48 жыл ішінде Құйылыс жерасты сулары сутартқышын пайдалану барысында альб-сеноман кешенінің су мөлшерінің гидрохимиялық режимі жөнінде мағлұмат жинақталып және өңделіп бақыланған. Химиялық талдаудың жалпы саны 14,3 мың, I альб сулы қабатында жабдықталған, негізгі бөлігі ұңғымалар үшін орындалған. Гидрохимиялық режим 100 ұңғымамен сутартқыштың тұстама және зиянды белдемімен сипатталады.

Құйылыс жерасты сулары кенорнының негізгі гидрохимиялық режимдері:

1. Құйылыс жерасты суларының кенорын ұңғымаларының жалпы минералдылығы және химиялық құрам бөліктерінің өзгеру бағыты кезінде бақыланбайды. Статистикалық талдау кезінде жерасты суларының минералдылығы және химиялық құрам бөліктері өзгерген жағдайда ғана бақыланады. Пайдалану уақытында жерасты суларының сапасы өзгеріп, шартты түрде гидрогеологиялық талдау саны өзгереді. Біріншіден латеральды

градиенттің минералды құрамы $0,0002-0,0007\text{г/дм}^3/\text{м}$ өзгереді, екіншіден қабаттың тұздануы 8м/жыл дейін жылдамдатылады. Химиялық талдау көрсеткіш нәтижесі бойынша 30 жылға дейін пайдалану мөлшері $0,1-0,2\text{г/дм}^3$ көтерілмеуі тиіс. (5,1 сурет)

2. Жерасты суларының минералдылығының $0,2-0,5\text{г/дм}^3$ өзгеруі, ауданның тау жыныстарының құрылысы бірдей кешенде болмағандықтан, ол сұлбада да, қимада да көрсетілген. Мұндай өзгерістер мысалы I альб зогизонты бойынша нөмір 1,2 ұңғымаларында, сеноман горизонты бойынша 15Д_с, 31Д_с, ал I және II альб горизонты бойынша 15Д₂₊₃ және 23Д₂₊₃ ұңғымаларының орналасу белдемі бойынша минералдылығы $0,001\text{г/дм}^3/\text{м}$ дейін өзгереді.

3. Альб-сеноман сулы кешені гетерогендік қабаттар құрылымы мен сипатталады. Сулы қабат құмтүйірлерінен және қалыпсыз қалыңдықты сазды қабаттар күрделілігімен ерекшеленеді. Қимада осы ерекшеліктер судың минералды құрамының өзгеруін көрсетеді. Сутартқыштың оңтүстік бөлігінің I альб горизонты бойынша жоғарғы және төменгі сулы қабаттардың минералдылығы – $0,4\text{г/дм}^3$ нөмір 1,2,3 және 6г ұңғымалары бойынша. Басқа да пайдалану ұңғымалардағы судың минералдылығы бойынша II+III альбтік горизонттарында бар. 1981-2005 жыл аралығында II альб горизонтының сай-саласында ұңғымалардағы судың минералдылығы $8,0-5,0\text{г/дм}^3$ дейін төмендеген.

4. Су минералдылығының көтерілу себептерінің негізгі нысаны Сутартқыш ұңғымаларының құбырларын және дөңгелек керштелген құбырлардың бұзылуы техногендік әсерінен болады. Ұңғымалардың техникалық бұзылыстары кезінде сулы горизонттың минералды құрамы өзгеріске ұшырайды, себебі жатыстағы полеоцен сулы кешеннің минералдылығы тұзды 10г/дм^3 құрап, судың құрамы сульфатты-хлоридті болып өзгереді. Шамамен минералдылығының өсуі өткен ғасырдың 80 жылдарында байқалған, бұған себеп нөмір 16рр, 20,12,34с және т.б. ұңғымалардың ликвидациялық томпанажы болған.

Қазіргі кезде Құйылыс сутартқышының гидрохимиялық режимдері 2000-2006жылдарымен сипатталады.

1. Сутартқыш ұңғымаларының жерасты суларының минералдылығын және суқайтарымдылығын тексеру.

2. Жерасты суларының минералдылығын және химиялық құрамының өзгеруін қадағалау.

3. Техногендік әсерінен судың минералдылығымен химиялық құрамының өзгеруін, ұңғымалар құбырларының және керштелген құбырлардың бұзылуы және т.б. өзгерістерін табу.

2 Арнайы бөлім

2.1 Тәжірибелік жұмыстар

Тәжірибелік жұмыстар далалық жұмыстарды негізгі түрі болып келеді және сулы горизонттың гидрогеологиялық жағдайын зерттеу мақсатында жүргізіледі және аллювиалды-пролювиалды түзілімдердің сумалдылығы, жер асты суларының сапасы, барланған горизонттардың жер асты суларының басқа қабат суларымен байланысы және негізгі гидрогеологиялық параметрлерді анықтау осыған кіреді.

Алдын-ала барлау кезеңіндегі Мерке суландыру массивінде орындалған тәжірибелік жұмыстар мыналарға сүйенеді:

- а) сулы горизонттарды саздандыру
- б) сынамалы сутартқыштарды жүргізу
- в) тәжірибелік шоқты сутартқыштарды жүргізу

2.2 Сулы горизонттарды саздан арылту

Сутартуларды жүргізу алдында міндетті түрде сулы горизонттарды саздандыру жүргізілді. Берілген жұмыс түрі сулы горизонтты екі қабылдауда тірілту мақсатында орындалады. Бастапқы бұрғылау қондырғысымен сүзгілер аралығында таза сумен шайылып өндірілді. Станокпен шаю уақыты 2-3 бр/см құрады.

Түпкілікті шаю компенсатор жұмысының ауыспалы режимінде ауа кіретін құбырлардағы максималды жүктеме кезінде эрлифтпен жүргізілді. Әрбір 2-3 сағат сайын айдау деңгейдің тұрақталуын бақылау үшін жүргізілді. Шығынның және төмендеудің шамасы біраз өзгергенде ғана айдау бітті деп саналады. Әрбір сулы горизонттың түпкілікті шайылу уақыты 3-4 бр/сменаны құрайды.

2.3 Сынамалық сутарту

